

**Астана қаласында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығын мерекелеу күндері облыстардың, Астана және Алматы қалаларының соғыс ардагерлері делегацияларына кейбір мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдарды бекітіп беру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 16 наурыздағы N 52-ө Өкімі

Астана қаласында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығын мерекелеу күндеріндегі салтанатты іс-шараларға республика өнірлерінің соғыс ардагерлері делегацияларының қатысуын ұйымдастықан түрде қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қосымшаға сәйкес республика өнірлерінің соғыс ардагерлері делегацияларына мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар (келісім бойынша) бекітіліп берілсін.

2. Мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар (келісім бойынша) делегацияларды қарсы алулар мен шығарып салуларды, мәдени бағдарламаны, оларға медициналық, көліктік қызмет көрсетулерді, тамақтандыруды ұйымдастырын, сондай-ақ олардың Астана қаласында барлық болу кезеңінде қонақ үйлерде тұруы үшін жағдай жасасын.

3. Республика өнірлерінің соғыс ардагерлері делегацияларын қаржылай қамтамасыз ету тиісті мемлекеттік мекемелерге - бағдарламалардың әкімшілеріне оларды ұстауға 2005 жылға арналған респубикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде, сондай-ақ осы өкімнің 1-тармағына сәйкес республика өнірлерінің соғыс ардагерлері делегациялары бекітіліп берілген өзге де ұйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кенесіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2005 жылғы 16 наурыздағы

N 52-ө өкіміне қосымша

**Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының соғыс ардагерлері делегацияларына мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарды бекітіп беру**

P/c N	Қалалар мен облыс- тардың атауы	Соғыс ардагерлері делегацияларына бекітіліп берілген мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар
1.	Ақмола облысы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

2.	Ақтөбе облысы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
3.	Алматы облысы	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
4.	Атырау облысы	"Қазмұнайгаз" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша)
5.	Шығыс Қазақстан облысы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
6.	Жамбыл облысы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігі
7.	Батыс Қазақстан облысы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
8.	Карағанды облысы	"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы
9.	Қостанай облысы	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
10.	Қызылорда облысы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
11.	Маңғыстау облысы	"Қазмұнайгаз" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша)
12.	Павлодар облысы	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
13.	Солтүстік Қазақстан облысы	Қазақстан Республикасы Каржы министрлігі
14.	Оңтүстік Қазақстан облысы	Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігі
15.	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК